



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

**САБЫР
МҰРАТ
БӨКЕНБАЙҰЛЫ**



曹德旺

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы

**САБЫР
МҰРАТ
БӨКЕНБАЙҰЛЫ**

Алматы

2014

УДК 01
ББК 91.9:80
С 12

С 12 Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: М.Қ. Әжіғалиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы; А.Н. Бекмашева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Д.Ж. Құсайынова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Жауапты редактор Ғ.Қ. Хасанов, филология ғылымдарының докторы, профессор. Жауапты шығарушы Р.О. Кәрібжанова, «Ғылым ордасы» РМК бас директоры. Ред.: Л.Д. Әбеннова (библиогр. және жалпы ред.), С.К. Майлыбай (ред.). – Алматы: РМК «Ғылым ордасы», 2014. – 110 б.: сур. [«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» атты серия]

ISBN 978-601-7254-70-4

УДК 01
ББК 91.9:80

ISBN 978-601-7254-70-4

© «Ғылым ордасы» РМК
Ғылыми кітапхана, 2014

ОҚЫРМАНДАРҒА

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының екі мәрте иегері **Мұрат Бөкенбайұлы Сабырға** арналған.

Басылымға ғалымның өмірі және қызметі туралы шолу, қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері, оның жетекшілігімен және оппонентік етуімен қорғалған кандидаттық, докторлық және магистрлік диссертациялардың авторлары, ғалымның республикалық, халықаралық ғылыми форумдарда жасалған баяндамалары және ол туралы басылым беттерінде жарияланған пікірлер тізімі енгізілді.

Биобиблиографиялық көрсеткіште ғалымның еңбектері хронологиялық тәртіппен орналасқан: әр жылдың көлемінде әліпби ретімен – қазақ, орыс және шет ел тілдерінде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Кітап көмекші құралдармен қамтамасыз етілген, олар: шығармаларының әліпбилік көрсеткіші, ғалыммен бірлесіп жазған авторлар тізімі, ғалымның еңбектерінде аталып өткен есімдер көрсеткіші, этностар және тарихи-жағрапиялық атаулар тізімі, шығармалары жарық көрген деректер көрсеткіші.

Көмекші құралдарында сілтемелер хронологиялық көрсеткішіндегі еңбектердің рет сандық тәртібімен берілген.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ САБЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр 1964 жылы 27 тамызда Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы (қазіргі Теректі), Аңқаты ауылында дүниеге келген.

1981. Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы, Аңқаты орта мектебін бітірген. Сол жылы Аңқаты асыл тұқымды мал заводына суретші-безендіруші болып жұмысқа қабылданған.

1982-1984. Кеңес Армиясы қатарында жауынгерлік міндетін атқарған.

1985-1990. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті. «Қазақ тілі мен әдебиеті, араб тілі» күндізгі бөлім.

1990. Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің жолдамасымен А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының «Қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы қызметіне қабылданды (бүгінгі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті).

1992. Стажер-ізденуші қызметіне ауыстырылды.

1993-1995. ҚР ҰҒА Ұйғыртану институты шығыстану орталығының аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыды.

1994. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі – мақ, -мек, -дай, -дей афикстері жайында тұңғыш ғылыми мақаласы жарияланды. (ҚР ҰҒА хабарлары, №6. – 1994. Алматы).

1995. «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тіліндегі реликті тұлғалар (XIV ғасыр)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғады,

– Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандандырылған кеңестің шешімімен **филология ғылымының кандидаты** ғылыми дәрежесі берілді.

1996-2000. Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгеруші.

2000. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары аттестациялық комиссия төралқасының шешімімен тіл білімі мамандығы бойыша доцент ғылыми атағы берілді.

2001-2003. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің докторанты.

2004. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Қазақ әдебиеті және шығыстану» кафедрасының доценті.

2004. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері.

2005. «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғады. (мамандығы-10.02.06.-түркі тілдері).

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

– БҚО Білім басқармасы аттестация комиссиясының 29 наурыздағы шешіміне сәйкес №311 бұйрықпен қазақ тілі пәнінің жоғары санатты мұғалімі деген біліктілік берілді.

– Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

2006. «Мемлекеттік тіл: білім және саясат» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.

2007 және **2012** жылдары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

– «Ғасырлар тоғысындағы түркі өркениеті: саясат, экономика және мәдениет» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.

– М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «БҚМУ хабаршысы» журналының редакция алқасының мүшесі.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының БҚО-тық филиалы Төралқасының тұрақты мүшесі

– БҚО әкімдігі Батыс Қазақстан облыстық Тілдерді дамыту басқармасының «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы МКК жанындағы Ғылыми-әдістемелік Кеңестің тұрақты мүшесі.

– КСРО Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, профессор, көрнекті дирижер Шамғон Сағаддинұлы Қажығалиевтың 80 жасқа толу мерейтойына арналған «Әуендер сөйлегенде жыр тілімен...» атты шығармашылық кешті ұйымдастырып, сценарийлік бағдарламасын жазып, облыстық драма театрда кешті жүргізді (17.09.2007).

– Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, журналист Айтқали Нәріковтың шығармашылық қызметіне 45 жыл толуына арналған «Желмая жылдар» атты әдеби-сазды кештің сценарийлік бағдарламасын жазып, Ғ.Құрманға-

лиев атындағы облыстық филармонияда кешті жүргізді (18.10.2007).

2008. ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор.

– әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 10.02.02. – қазақ тілі және 10.02.06 – түркі тілдері мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беретін Д14 А.01.23 диссертациялық кеңесінің мүшесі.

2009. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен тілі білімі мамандығы бойынша **профессор** ғылыми атағы берілді.

– «Жаңа ғасырдағы түркітану: рухани құндылықтарды сақтау және зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.

– **2009-2011** жылдарға жоспарланған іргелі ғылыми зерттеулер бойынша «Түркілік рухани мұра – әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі» ғылыми жобасының жеңімпазы;

– **2009-2011** жылдарға жоспарланған «Қазақ тілінің тарихи лексикасының даму кезеңдері және трансформациялық өзгерістердің ғылыми теориялық негіздері» атты ғылыми жобаны жеңіп алған ұжымның мүшесі.

2010. ҚР БҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» VII Халықаралық олимпиадасының әділ қазыларының мүшесі.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығына орай Батыс Қазақстан облысының Қазақстан халық асамблеясы

бейбітшілік, достық пен рухани келісімді нығайту, сонымен қатар Жайық өңірінің өскелең ұрпағын қазақстандық патриотизм және төзімділік бағытындағы тәрбие ісіне үлес қосқандығы үшін Облыс әкімі Б.Ізмұхамбетов Алғыс хатпен марапаттады.

– Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Орал қалалық филалының төрағасы.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі БҚО-тық филалы Төралқасының мүшесі және БҚО қоғамдық ұйымдары өкілдерінен құрылған мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің мүшесі.

– Ақын Қадыр Мырза Әлидің 75 жылдық мерей тойына арналған әдеби кешті облыстық филармония залында жүргізді. Кешке мерей той иесі, халық жазушысы Қадыр Мырза Әлидің өзі қатысты.

2011. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.

– Түркия Республикасы, Стамбул қаласындағы Мармара университетінің Түркітану ғылыми-зерттеу институтында ғылыми тағылымдамадан өтті.

– Стамбул қаласы, Зайтунбурны аудан әкімшілігінің шақыруымен Иоресел Гүнләр атты әдеби-фольклорлық шараға қатысты.

– М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өткізілген «Қазақ мемлекеттілігі: жарқын бет бұрыс, жойқын ұмтылыс (1991-2011 жж.)» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Түркия Республикасы, Стамбул қаласынан онлайн жүйесі бойынша қатысып, «Қазақстан тәуелсіздігінің басты тірегі – мемле-

кеттік тіл» атты баяндама оқыды (қараңыз: [https:// www.youtube.com / watch?v=yNoVwzAVkjg](https://www.youtube.com/watch?v=yNoVwzAVkjg)).

– Стамбул қаласы, Зайтунбурны ауданындағы Қазақ түркілері орталығында қазақ және түрік жастарына 6 ай қазақ тілінен дәріс берді (01.11.2011-27.02.2012).

– Стамбул қаласы, Мармара университетінің филология факультетінің 2 курс студенттеріне қазақ ауыз әдебиетінен дәріс оқыды.

– Стамбулда өткен Татар ақыны Ғабдулла Тоқайдың 125 жылдығына арналған конференцияға қатысып, ақынның Орал қаласындағы өмірі, оның шығармашылығының қазақ поэзиясына әсері хақында сөз сөйледі. Түркияның ТРТ арнасына сұхбат берді (18.11.2011).

– Түркияның Ыстамбұл университетінде «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығындағы қазақ әдебиеті және профессор Немат Келімбетовтің еңбектері» атты конференцияға қатысып, баяндама жасады (19.11.2011).

– Стамбул қаласының Айдын университетінде Түрксойдың ұйымдастыруымен өткізілген Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналған конференцияға қатысып, ақын поэзиясындағы өршілдік, тәуелсіздік рухы хақында ғылыми пікір білдірді (25.11.2011).

– Қазақстан Республикасының Түркиядағы бас елшісі Ж.К.Түймебаевтың арнайы шақырыумен Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының басқармасы Қайрат Мәминнің қатысуымен Анкарада өткізілген Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған салтанатты кешке қатысты (29.11.2011).

– Түрік дүниесін зерттеу орталығының директоры Туран Язған ақсақалдың шақыруымен Түрік дүниесін зерттеу орталығының «Тарих және Мәдениет журналының» 300 санының шығуына арналған жиналысқа қатысты (24.12.2011).

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы №537 бұйрығымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі 050505 – Аймақтану; 050205 – Филология: түрік филологиясы мамандықтары бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы.

– Туған ауылындағы Аңқаты жалпы орта білім беретін мектебі ұжымы арнайы шақырып, «Тіл мен тарих тағылымы» атты кездесу кешін өткізді.

– БҚО қоғамдық ұйымдары бастамасымен құрылған Тіл саясаты жөніндегі Қоғамдық кеңес төрағасы.

2012. Түркияның Измир қаласына іс-сапарға барды. Егей университеті Түрік дүниесін зерттеу институтына барып, көптеген ғалымдармен танысты. Институт директоры Фикрет Түрікмен мырзамен және жазба ескерткіштер мәселесін қарастырып жүрген бір топ ғалымдармен, атап айтсақ профессорлар: Гурер Гүлсевин, Туран Гокше, Осман Каратай, Мәтин Арикандармен тығыз танысып, ғылыми мәселелермен пікірлесіп, тәжірибе алмасты.

– Мармара университеті магистранттарына «Ресейдегі түркі тілдерінің зерттелуі» тақырыбында түрікше лекция оқыды.

– ТӨМЕР тіл курсында 2 ай оқыды.

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті Қазақстан халқы тілдерінің XIV респу-

бликалық фестиваліне орай Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапаттады.

– Түркия Республикасындағы «Калем» халықаралық педагогика және гуманитарлық білім журналының сала редакторы.

– Түркия Республикасы, Синоп қаласында 2012 жылдың 1-3 қазан күндері өткізілген «Халықаралық Түрік Мәдениет географиясындағы педагогика білімі зерттеулері симпозиумының» Ақылдастар Кеңесінің мүшесі ретінде симпозиумның жоғары деңгейде өтуіне ат салысты.

– «Профессор Н.Ф.Катанов және түркітану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны жоғары деңгейде ұйымдастырды.

– Ол М. Өтемісов атындағы БҚМУдің «БҚМУ хабаршысы» журналының редакция алқасының мүшесі.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 2011-2012 оқу жылында мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы.

– Орал қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

– БҚО әкімдігінің МКҚК «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді оқыту Орталығының» Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің мүшесі.

– Саха Республикасы, Якутск қаласында өткен «Мәдени әр түрлілікті сақтау: ЮНЕСКО жауһарлары Олонхо жерінде» атты халықаралық симпозиумға қатысып, баяндама жасады (11-12.06.2012).

2013. «Ахмет Байтұрсынұлы және заманауи білім беру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастыруға мұрындық болды. (11-12.04.2013).

– «Исатай мен Махамбет: ізденістер, зерттеулер, көзқарастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастыруға мұрындық болды. (27.05.2013)

– Ресей Федерациясы, Башқұртстан Республикасындағы Ресей ғылым академиясының Уфа ғылыми орталығында өткізілген «Актуальные проблемы диалектологии языков народов России» атты XIII халықаралық конференцияға қатысып, баяндама жасады. (13-14.09.2013)

– Түркия Республикасы, Ескишехер қаласында өткізілген «Түрік дүниесінің мәдени құндылықтары» атты халықаралық симпозиумның жұмысына қатысып, түрік тілінде баяндама жасады. (4-8. 11.2013)

– ҚР БҒМ-нің №515 бұйрығымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып бекітілді.

2014. ҚР БҒМ, Академик Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған, филология ғылымдарының докторы, профессор Хайролла Мырзағалиұлы Нұрмұқановтың 85 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, баяндама жасады (11-12.04.2014).

– Ресей Федерациясы Мәдениет министрлігі, Саха Республикасы (Якутия), ЮНЕСКО, М.К.Аммосов атындағы Солтүстік-Шығыс федеральді университеті ұйымдастырған, Якутск қаласында «Ыссах» ұлттық мейрамына орайлас өткізілген **«Языковое и культурное разнообразие в киберпространстве»** атты III халықаралық конференцияға қатысып, баяндама жасады (28.06-03.07.2014).

ПРОФЕССОР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ САБЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРКИ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының екі мәрте иегері Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы (кейіннен Ақжайық, бүгінде Теректі ауданы), Аңқаты кеңшарында қарапайым отбасында 1964 жылы 27 тамызда дүниеге келген. Әкесі – Сабырұлы Бөкенбай қарапайым жұмысшы, шаруа баққан, жылқы ұстап, бие байлаған адам. Жасында атбегі, әнші, сері болып, палуанға түскен, шешесі – Төлекешқызы Гүлжан жұмысшы, шаруа болған.

Аңқаты орта мектебін 1981 жылы үздік бітірген Мұрат Бөкенбайұлы арман қуып, Алматы қаласына оқуға аттанады. Бірақ екі жыл қатарынан оқуға түсе алмайды да, ауылда суретші-безендіруші болып жұмыс жасайды. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында жауынгерлік міндетін атқарады. 1985 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1990 жылы «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Осы жылы Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің жолдамасымен А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына (бүгінгі М.Өтемісов ат. БҚМУ) жұмысқа келді. Жас маман педагогикалық жұмыста өзіне өзі талап қойғышытымен, жан-жақты білімділігімен көзге түседі. 1992 жылы стажер-ізденуші қызметіне ауыстырылады.

1993 жылы ҚР ҰҒА Ұйғыртану институты шығыстану орталығының аспирантурасының күндізгі бөліміне оқуға түседі. Профессор Арсен Ибатовтың жетекшілігімен 1995 жылы «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тіліндегі реликті тұлғалар (XIV ғасыр)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Аспирантураны бітірген соң М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне келіп, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарады. 2000 жылы доцент ғылыми атағын алады. 2001 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторантурасына түседі.

2004 жылы педагогикалық қызметі үшін Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері белгісімен марапатталады. 2005 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының ғылыми кеңесшілігімен «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғады. Осы жылы Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болып, жұмысқа кіріседі.

М.Б. Сабырдың ғылыми еңбектерінің тақырыбына көз салсақ, зерттеу алаңының кең екенін көреміз. Ол тіл білімінің әр саласына үн қосып отырады. Отандық түркітанудағы және әлемдік медиевистикадағы мәшһүр ғалымдар Э.Наджип, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлының заңды ізбасары болып, түркітанушы ретінде қалыптасты. Тіл тамырын терең зерттей жүріп, *орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілін зерделеді, түркітану (түркология) алтайтану (алтаистика), түбір-*

тану, қазақ тілі тарихы, тарихи лексикология, тарихи фонетика, тарихи грамматика, этимология, ономастика, фразеология, паремиология, мемлекеттік тіл саясаты, ежелгі дәуір әдебиеті, тұлғатану сияқты салаларға қалам тартты.

Орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеу ісіне құлшына кірісуі профессор Арсен Ибатовтың жетекшілігімен басталды. 1995 жылы қорғалған *«Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тіліндегі реликті тұлғалар (XIV ғ.)»* тақырыбында кандидаттық диссертациясы елеулі еңбек болды. Орта ғасырларда қыпшақ-оғыз тілінде араб графикасы арқылы жазылған жазба жәдігерлік, қазақ тілінің тарихи қайнар көздерінің бірі. М.Б. Сабыр зерттеу еңбегінде түбірлердің қалыптасу, даму жолдарын ескерткіш тіліндегі деректермен салыстыра зерттеп, реликті тұлғаларды анықтаған. Бұл еңбек қолданбалы – практикалық мәні зор және қазақ тілі тарихи грамматикасына, оның ішінде түбіртану мәселесіне қосылған тың үлес. Ғалым академик Ә.Т. Қайдаров, профессор Ж.А. Манкеева сында ғалымдар қалыптастырған түбіртанудың теориясына сүйене отырып, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан ескерткіш тіліндегі көмескіленген түбірлерді *реликті түпкі түбір, реликті түбір-негіз, реликті туынды негіз* деп қарастырады. «Реликті тұлғалар тарихи тұрғыдан белгілі бір көне дәуірде бір жағынан өз алдына дербес қолданылған түбір болса, екінші жағынан сөз тудыратын өнімді жұрнақтар ретінде сөзжасамға белсене қатысқан. Бірақ қазіргі дәуірде лексикалық мағынасы жоқ, этимологиялық тұрғыдан анықталатын құбылысқа айналған. Сондай-ақ олар қазіргі тілдің өмір сүруіне, дамуына

өзек болып тұрған және тарихтың ұзын жолында фоно-морфо-семантикалық өзгерістерді бастан кешкен тұлға», – деп өз тұжырымын ұсынады. Белгілі түркітанушы Ә. Құрышжанов бұл зерттеуді «Бұл еңбек қазіргі қазақ тіл білімі мен түркітану ғылымына өз жаңалығын ала келген бірқатар айтулы жұмыстардың қатарына жатады. Өзіндік ғылыми жаңалықтары дау тудырмайды. Қазіргі қазақ тілінде қалай жасалып, қалай қалыптасқандығы белгісіз толып жатқан сөздердің структурасын (қаңқасын) осы диссертацияда көрсетілген әдістер арқасында ғана айқындап біліп алуға болады», - деп бағалады. М.Б. Сабырдың түбіртану мәселесіне арналған мынадай мақалаларын атап өтуге болады: 1) *Құпиясы мол түркі түбірі* // «Зерде» журналы, №4, 1995. 25-27 б.; 2) Құтыптың *«Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі көне туынды негіздер* // «Ізденіс», №3, 1995. 9-12 б.; 3) Хорезмидің *«Мұхаббат-наме»* поэмасындағы реликт түбірлер // *Ізденіс*, №3, 1998, 17-21 б.; 4) *Б.М. Юнусалиев жана түрк уңғу сөздөрүнүн маселелери* // Адабий гезети. Қырғызстан. №35-36. 2002, қазан.

«Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» атты монографиясы «Қазақ университеті» баспасынан 2004 жылы жарық көрген болатын. Осы тақырыптағы докторлық диссертация 2005 жылы сәтті қорғалды. Бұл зерттеу еңбекте ескерткіштер лексикасы мен қазақ тілі лексикасының ұқсастықтары, диахрондық тұрғыдан байланыстылығы, айырмашылықтары саралана келе ғасырдан ғасырға ұласқан тіл сабақтастығы анықталған. Жазба ескерткіштер тілінің қазақ тіліне қатысы, жақындығы нақты

тілдік деректермен көрсетіліп, байырғы сөздер мен қазіргі сөздердің лексика-семантикалық ұқсастықтары жан-жақты зерттелген. Жазба мұрағаттар тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің алғашқы бой көрсетуі, бастауы екендігі дәлелденген. М.Б. Сабырдың зерттеу еңбегінің теориялық-практикалық мәні зор. Тарихи лексикология, тарихи грамматика, қазақ әдеби тілі пәндерінде қолдануға әбден болады.

2003 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан *«Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы және оның тілі»* атты монографиясы толықтырылып, 2013 жылы *«Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты»* деген атпен қайта жарық көрді (Орал, «Ағартушы», 276 б.) Монографияда XIV ғасырда жазылған Алтын Орда дәуірінің құнды жазба ескерткіші Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілі жан-жақты зерттелген. Қазақ тілінің қайнар көзі болып табылатын бұл жәдігерліктің дыбыс жүйесі, орфографиялық ерекшеліктері, лексикалық қабаттары, тұрақты тіркестері, реликт түбір тұлғалары, морфологиялық көрсеткіштері қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырыла қарастырылып, көне қыпшақ тілінде жазылған жәдігерліктің қазақ тіліне бір табан жақын екені анықталған. Сонымен қатар «ХШ» поэмасы ежелгі дәуір әдебиетінің мұрасы ретінде қарастырылып, поэмадағы эпостық сарындар екшеленіп, орта ғасырда өмір сүрген қыпшақ ақыны Құтып пен қазақтың бас ақыны Абай арасындағы рухани үндестік, сөз саптауларындағы ұқсастық, тарихи тамырластық терең ашылған. Ғалымның осы салада жазылған *Түркі халықтары әдебиетіндегі Көкбөрі бейнесі* // Ұлағат. №1-2.1998, 51-56 б.; *Түркі поэзиясындағы «Хұсрау*

уа *Шырын» сарыны»* // Жалын» журналы, №3-4, 1995, 227-230 б. мақалаларының маңызы зор.

Түркітану. Түркітану кең байтақ Еуразия кеністігін жайлаған түркі халықтарының тілін, тарихын, фольклорын, мәдениетін зерттейтін кешенді ғылым. ХХІ ғасыр деңгейінде түркітану тек гуманитарлық ғылым болып қала алмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұл қоғамның кемелденуінен туған қажеттілік. Елордамыз Астана қаласында «Түркі Академиясының» ашылуы түркітану ғылымының аясын кеңейтті. Жоғары оқу орнында «Түркітануға кіріспе» пәнінен дәріс оқитын М.Б. Сабырдың қашанда өзіндік тұжырымдары бар. Оның Н.Садуақаспен авторлық бірлікте 2007 жылы жазған *«Көне түркі тілі»* атты оқу-әдістемелік құралы тіл тарихы үшін аса қажетті еңбек. «Көне түркі тілі» пәнінің негізгі нысаны Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің алфавиті, графикалық белгілері, дыбыстық ерекшелігі, орфографиясы т.б. мәселелер болып табылады. Түркі тайпалары артына өшпес мұра етіп қалдырған жазба ескерткіштерді оқу бүгінгі әдеби тіліміздің тарихын зерделеуге, қазіргі қазақ тіліндегі теориялық мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан бұл оқу-әдістемелік құралдың негізгі мақсаты көне түркі тіліндегі жазба ескерткіштер түрлерін оқытып, олардың текстерін оқу әдістемесін меңгертіп, тілдік ерекшеліктерін оқып-үйрену жолдарын үйрету.

Түркітану мәселелеріне арналған мына еңбектерін атап өтуге болады: *Көне түркі және орта түркі тілдері арасындағы сабақтастық* // Байырғы өркениеті: жазба ескерткіштер. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

материалдары. Астана, 2001, 337-341 б.; *Көне түркі жазба ескерткіштеріне сүйеніп қазақ тілін тереңдетіп оқыту мәселелері* // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелер. Халық. ғыл. конф. матер. Алматы, 2008, 125 б.; *Жаңа ғасырдағы түркітанудың өзекті мәселелері* // Жаңа ғасырдағы түркітану: рухани құндылықтарды сақтау және зерттеу мәселелері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. Орал, 2009, *Түркітанудың пән аралық байланыстары және көкейкесті мәселелері* // Түркі әлемі: тіл, қоғам, мәдениет. Халықаралық ғылыми-тәж. конф. Алматы, 2009. 96-100 б. Түркі тілдерін тереңнен қарастырып жүретін ғалымның жазбаларынан түрікшілдігін аңғарамыз. Ол «Түрікшілдік ХХІ ғасырда жанандану тасқынына жұтылып кетпес үшін этностық тегі бір, мақсат-мүддесі бір түркі тектес ұлттардың бір мақсатқа жұмылуы», – дей келіп ортақ мақсат ұстанған жоспарлы зерттеулер жүргізу қажеттігін ескертеді.

Алтайтану (алтаистика) түркі тілдері мен алтай тобына жататын моңғол, тұңғыс-манжұр, жапон, корей тілдері туыстығын тарихый-салыстырмалы әдіс арқылы зерттейтін ғылым десек, бұл салада да профессор М.Б. Сабырдың өзіндік үлесі бар. 1) *Қазақ, монғол тілдеріне ортақ бір буынды түбірлер* // Профессор Н.Оралбаева және қазақ тіл білімінің мәселелері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. Абай ат. АлМУ, Алматы. 1998, 52-54 б.

2) *Қыпшақ жазба ескерткіштерінің тіліндегі монғол элементтері* ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. №9 (60). 2002,114-116 б.; 3) *Отголосок языкового родства тюрко – монгольских языков* // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология се-

риясы №9 (108). 2007. Бұл мақалаларда қазақ және монғол тілдеріне ортақ бір буынды түбірлер анықталып, екі тілдің генетикалық төркіндігі жан-жақты ашылған.

Қыпшақтану. Ғалым қазіргі таңда «Қыпшақтану» проблемасымен айналысып, кешенді зерттеу жүргізуде. Қазақ тілінің, қазақ ұлтының бастауларын көне түркі заманынан бастау алып, орта ғасырларда дәуірлеген қыпшақтар қауымдастығынан іздейміз. Қыпшақтар қауымдастығы, олардың тарихы мен мәдениеті туралы соңғы кездерде жазылған тарихи, лингвистикалық еңбектер қыпшақтану саласының түркітанудан бөлініп шыға бастағанын көрсетеді. Қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болғанымен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала. Қыпшақтану – далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, этнографиясын, мәдениетін т.б. қырларын тұтас зерттеуді көздейді. «Қыпшақтанудың» негізгі теориялық бағыттарының басым саласы орта ғасырларда көне қыпшақ әдеби тілінде жазылған шығармаларды лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу ісі болып табылады. М.Б. Сабырдың зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты мұрағаттар тілін жекелеген қыпшақ тілдерімен салыстыра зерделей отырып, көне қыпшақ әдеби тілінің бүгінгі мұрагері қай тіл екенін анықтау. Осы тұрғыда мынадай еңбектерін атап өтуге болады: *Қазақ тілі тарихын зерттеуде қыпшақ жазба ескерткіштерінің рөлі* // Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының хабаршысы. №1-2. Орал, 2006, 40-43 б.; *Қыпшақтану көкжиектері және мемлекеттік тіл ұстанымдары* // Мемлекеттік тіл – білім және саясат. Республикалық ғылыми-практ. конф. Материалдары, Орал, 2006, 50-53 б.; *Көне қыпшақ жазба*

ескерткіштерін зерттеудің өзекті мәселелері // Еуразия қыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері. Халықаралық ғылыми теор. конференция, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана қаласы, 2013 жыл, 152-159 б. Ғалымның 2008 жылы «Ағартушы» баспасынан жарық көрген *«Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі»* (Орал, Ағартушы, 2008, 236 б.) атты оқу құралының маңызы зор. Кітап «Алғы сөзінде» мынадай тұшымды ойлар айтылған: «Түркітануда қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобында қарастырылады. Қыпшақ тобындағы тілдер өз бастауын монғол шапқыншылығына дейін қимақ мемлекетінің (IX-XI ғ.) құрамында болған қыпшақ қауымдастығынан алады. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Еуропаға дейін тарады. XIII-XV ғасырларда қыпшақ тілі Алтын Орданың ресми және әдеби тіліне айналды. Көне қыпшақ тілінің құрамында оғыз, қарлұқ элементтері бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ гегемондық рөл атқарған қыпшақтардың саяси салмағын ескере отырып, жәдігерліктердің сөздік құрамын сараласақ қыпшақ элементтері әлде қайда мол, 70-80% пайызды құрайды. Өз тұсында халықаралық тілге айналған біртұтас қыпшақ тілі кейін Алтын Орда күйреп, Астрахан, Қазан, Ноғай, Өзбек, Қазақ хандықтары пайда болған тұста жеке халықтар тіліне ыдырады. Көне қыпшақ тілі қазақ тілінің негізгі бір арнасы. Байырғы қыпшақтардың заңды мұрагері – бүгінгі қазақтар».

Фразеология және паремиология. Ғалым ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді зерттеуге көңіл бөлген. М.Б. Сабыр зерттеулерінде жазба мұрағаттар

тіліндегі тұрақты тіркестердегі қазақы мотивтер, ұлттық таным-түсінік анықталып, тұрақты тіркестер тек екінші бейнелік атау емес, мәдени, рухани дамудың көрінісі екені анықталған. Жазба жәдігерліктер тіліндегі мақал-мәтелдер, қанатты, нақыл сөздер бүгінгі тіліміздегі баламаларымен салыстырыла зерттеліп, даналық ойлардың жалғастығы көрсетілген. Оның осы тұрғыдағы көптеген мақалаларының маңызы зор. Атап айтсақ: *Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі сөз тіркестері* // Қазақстан жоғары мектебі. №3. 2002, 249-252 б.; *Мақал-мәтелдер бойындағы сабақтастық* // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. № 9 (71). 2003, 75-77 б.; *Жазба ескерткіштер тіліндегі ақыл-нақыл сөздердің рухани құндылығы* // Нұрмұқанов оқулары. Респ. ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қарағанды, 2010, 10-13 б. Бұдан басқа осы салада жарық көрген «*Түркілік мұра: дәстүр және сабақтастық*» атты ғылыми-зерттеу еңбегінің (ұжымдық монография, Абай ат. ҚазҰПУ, 2012. 114 б), «*Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі фразеологиялық және парамологиялық қордың этномәдени сипаты*» (Ж.Исинамен бірлікте; Орал, Ағартушы, 2013, 198 б.) атты монографиясы өзекті ғылыми тұжырымдарға толы.

Бұл ғылыми зерттеулерде орта ғасыр жазба жәдігерліктерінің тіліндегі тұрақты тіркестердің этномәдени сипаты, мақал-мәтелдердің кумулятивтік қасиеті, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің құрылымы мен грамматикалық сипаты, қанатты сөздердің этнолингвистикалық мәні зерттелген. Ескерткіштегі тұрақты тіркестер мен қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерінің ұқсастықтарын, диахрондық

тұрғыдан байланыстылығы, айырмашылықтары сараланған. Мақал-мәтелдердің кумулятивтік қасиеттері айқындалып, ұрпақ жалғастығы мен ұлт сабақтастығының маңыздылығы дәлелденген.

Қазақ тілі тарихы ғалымның шұқшия зерттеп жүрген саласы. Қазақ халқының тілі XV ғасырда қазақ өз алдына хандық құрып, іргелі ел болған кезеңінен басталған жоқ. Қазақ халқының тілі – XV ғасырға дейін де болған тіл. Қандай да тіл болмасын ол өз халқының өсу, даму жолымен, тарихымен тығыз байланысты. Тіл тамырын тереңнен іздеген ғалымның қаламынан біршама еңбектер туындады: 1) *Көне қазақ тілі жайында* // Филологияның өзекті мәселелері: К.Ахановтың 70 жылдығына арналған респ-қ ғыл.-теориялық конф-ң материалдары. Алматы, 1998, 50-52 б.; 2) *Тіл тамыры тереңде* // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. № 18 (52). 2002, 31-35 б.; 3) *Ғабит Мүсірепов және қазақ тілі тарихы* // ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. №6 (57). 2002, 116-118 б. 4) *Жазба ескерткіштер тілі негізінде қазақ тілі тарихын жүйелеу мәселесі* // Ізденіс. № 4. 2003, 149-154 б.; 5) *Анализ процессов формирования казахского языка (в историко-лингвистическом аспекте)* // ҚазҰУ хабаршы. Филология сериясы. №3 (102). – 2007, 157-162 б. 6) *Yazılı anıtlardaki kazak dilinin tarihi* (жазба ескерткіштердегі қазақ тілінің тарихы) Түркі дүниесін зерттеу журналы, Стамбул, 2013 ақпан, 161-169 б.

М.Б. Сабыр осы еңбектерінде жазба ескерткіштердің тіліне сүйене отырып, тіл тарихының ұзын жолындағы мына тілдік кезеңдерді жіктеп көрсетеді:

- 1) V-X ғ.- ежелгі түркі әдеби тілі
- 2) X-XV ғ.- орта түркі әдеби тілі
 - а) орта түркі әдеби тілінің арғы-чығыл варианты
 - б) орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты
 - в) орта түркі әдеби тілінің оғыз варианты
- 3) XV -XVI ғ.- шағатай әдеби тілі
- 4) XVII-XIX ғ. – байырғы қазақ жазба әдеби тілі
- 5) XIX-XX ғ. - жаңа қазақ жазба әдеби тілі

«Қазіргі қазақ тілі сонау көк найзалы, жарау атты көк түріктер тасқа қашап жазған Орхон-Енисей бітіг жазуларынан бастау алып, бірнеше тілдік кезеңдерді бойынан өткізіп, орта түркілік қыпшақ тілінің заңды жалғасы ретінде фоно-морфо-семантикалық жағынан барынша жетілген әдеби тіл болып қалыптасты», -деп тұжырымдайды. Бүгінгі таңда ғалым «Қазақ тегі» іргелі жоба аясында қазақ тілінің тарихын фонетикалық, морфологиялық деңгейлерде зерттеуде. Осы зерттеудің нәтижесі ретінде *«Қазақ тілінің шығу тарихы: фонетика»* атты монографияның 1 томы екі кітап болып жарық көрді. (Алматы, «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013, 1-кітаптың көлемі 236 б., 2-кітаптың көлемі 348 б.) Осы ұжымдық еңбектің авторларының бірі – М.Б. Сабыр. Зерттеудің бірінші бөлімінде қазақ тілі фонетикасының тарихы, оның ішінде, түркі тілдерінің жүйелік ерекшеліктері, қазақ тілінің өзіне тән белгілері, көне және жаңа түркі тілдерінің жүйелік ерекшеліктері, қазақ тілінің өзіне тән белгілері, көне және жаңа түркі тілдеріндегі буын сабақтастығы, ескерткіштер тіліндегі бір буынды, екі буынды түбірлердің қазақ тіліндегі баламаларымен ортақтастығы, ежелден қазірге дейін сыртқы пішіні өзгеріске түспе-

ген қазақ сөздері, сөз құрамындағы тарихи фонетикалық айырмашылықтар қарастырылды. М.Б. Сабыр «Сөз құрамындағы тарихи фонетикалық айырмашылықтар» атты төртінші тарауды жазды.

Екінші бөлімде Түрік қағанаты тұсындағы, Қарахан мемлекеті тұсындағы, Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұстағы көне қазақ тілі деректері сөздік түрінде зерттелді. Кітап зерттеушілерге, филологтарға, жоғары және орта мектеп ұстаздарына, докторанттар, магистранттар, студенттерге, қазақ тілін сүйетін оқырман қауымға арналған. М.Б. Сабыр «Алтын Орда мемлекеті тұсындағы көне қазақ тілі деректері» атты үшінші тарауды жазды.

Ономастика мәселесі де ғалымды бей-жай қалдырмайды. Оның *Ноғайлы жырлары және олардың ономастикалық кеңістігі* (Ақтан Керейұлы және аймақтық әдебиеттану мәселелері // Респ. ғылыми-прак. конф. материалдары, Ақтөбе, 2010. 59-64 б.), *Орал қаласының ономастикалық кеңістігі: бүгінгі мен болашағы, тарихи-лингвомәдени аспектілері* (Мемлекеттік тіл саясаты: жаңа кезең мен жаңа міндеттер. III халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 14-15 қазан. Орал қ. 2010), *Батыс Қазақстан облысы ономастикалық кеңістігінің тарихи-этномәдени қырлары* «Жер-су атауларының тарихы мен бүгінгі жай-күйі» // Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Астана, 2013, 55-69 б.) мақалалары туған өлкенің өзекті мәселелеріне арналған. Профессор «Қазақстанның әр қаласы мен көшесі, даласындағы елді мекендері қазақтың өткені мен бүгінінен, рухы мен мәдениетінен хабар беріп тұруы керек. Керек десеңіз әр бұтаның, әр төбенің атауы ұлттың

байлығы. Сондықтан да ономастикалық проблема қазақ тілінің, елдің жанды жері, күре тамыры» – деп тұшымды пікірін білдіреді.

Білім және ғылым министрлігі ұсынған іргелі ғылыми зерттеулер қатарындағы «Түркілік рухани мұра – әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі» атты ғылыми жобаның аясында 2010 жылы **«Таным таразысы»** атты ғылыми-зерттеу кітабы жарияланды. Кітапқа М.Б. Сабырдың әр жылдары жазылып, **әдебиет, руханият, түркі өркениетіне** арналған ғылыми-зерттеулері, түркі әлеміне танымал тұлғалар шығармашылығы туралы толғаныстары енгізілді. Кітап алғысөзінде Абай ат. ҚазҰПУ, «Әдебиеттану және тіл білімі» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Б. Даутова «Түркі әлеміне танымал түркітанушылар Арсен Ибатов пен Берікбай Сағындықұлының шәкірті М.Б. Сабыр орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеудегі Қазақстандық түркітану мектебінің көрнекті өкілі ретінде өнімді еңбек етіп келеді. Мәдени мұраларды танып түстеуде, түркілік өркениеттің әлемдік орнын анықтауда жанаша көзқарастар мен ғылыми тұжырымдардың маңызы зор», – деп бағалады. Осы еңбектегі **тұлғатану** тұрғысынан жазған дүниелерінен, ғалымның өзіндік көзқарасын танимыз. Мәселен, *«Тіл диқаны – Есет Жұбанов, Халел Досмұхамедов және түркітану мәселелері»*, *«Махамбет Өтемісұлы хатының тілдік сипаты»*, *«Махамбет поэзиясы тілінің орта ғасыр жазба ескерткіштеріне қатысы»* мақалалары терең ғылыми талдауларға құрылған. Осы тараудағы *«Қазақ шешендігінің рухани бастаулары және әбіш Кекілбаевтың шешендігі»* деген

мақаланың маңызы зор. Автор мұнда алғашқы түп – тамыры көне түркі заманнан бастау алған шешендік өнердің өткен қалыптасу кезеңі мен бүгінгі жай-күйі туралы ой толғай келіп «Қазақ шешендік өнері қазақ ұлыстарының бір орталыққа бағынып, нығаюымен жаңа кезеңге көтерілді. Қазақ хандығы құрылуымен жер дауы, жесір жауы, ел қорғау, мәмілеге келу үшін елші жіберу проблемалары жоғары деңгейге көтерілген кезде қоғамда ердің құнын бір ауыз сөзбен шешетін шешенге деген сұраныс туды. Сондықтан қол бастаудан да, көш бастаудан да, қиынның қиыны сөз бастау екені мойындалды», – деген тұжырым жасайды. Бұдан басқа баспасөзде, ғылыми жинақтарға 2) *А.С. Пушкин шығармаларындағы шығыстық сарындар*. // А.С. Пушкин в культурной пространстве запада и востока (материалы Международной научно-практической конференции), Орал, 2006; 3) *Қ. Жұмалиев және әдебиет тарихы, әдеби тіл мәселелері* // Қ. Жұмалиев және қазақ филологиясы мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Орал, 2006; 5) *Шалқар (Х. Есенжановтың 100 жылдық мерейтойына орай)* «Орал өңірі» газеті. 10 сәуір, 2008.

Жайық өңірінің зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылары шығармашылығын саралаған еңбектері бір төбе. Олар: 1) *Аққұс (Ақұштап Бақтыгерееваның шығармашылығы туралы сыр)*. Орал өңірі, №134. – 2004; Құнарлы мол құнды еңбек (проф. А. Тайжановтың «Тағылымды танымдар» атты кітабы туралы ой) «Информ биржа» газеті. №2. 10 қаңтар. – 2008. 4) *С. Шарабасов прозасы тіліндегі лексика-семасиологиялық айшықтар* // Ғалым, ұстаз С.Ф. Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері. Конф. Матер., Орал, 2006, 46-51;

5) *Жайықтың қоңыр үнді қоңырауы (ақын А. Нәріков шығармашылығы хақында) // «Инфорум биржа» газеті. – Орал. 11 қазан. – 2007; 6) Шыңғырлаудан шыңға шыққан (профессор Ж.А. Манкеева туралы) // Орал өңірі газеті, мамыр, – 2010. т.б.*

Мемлекеттік тіл саясаты ғалымның негізгі айналысатын мәселесі десе болады. Бұл тұрғыда мемлекеттік тіл проблемасына арналған конференцияларда көптеген баяндама оқып, республикалық, облыстық баспасөзде үнемі өз пікірін жариялап тұрады. Мақалаларында әлемдік өркениет пен ғасырлар тоғысындағы қазақ тілінің әлеуметтік рөлі қарастырылған. Тіл мәдениетін дамытудағы жергілікті БАҚ-ның орны пайымдалып, аударма мәселері талқыланған. Мемлекеттік тіл мүддесі ең көкейкесті мәселе. Ана тілдің қадірін қазаққа, мемлекеттік тілдің маңызын Қазақстанды мекендеген басқа ұлттарға түсіндіруде ғалымның пікірлері өте құнды. Осы бір өзекті мәселеге арналған кейбір мақалаларын атап, көрсетейік: 1) *Мемлекеттік тіл және аударма // Мемлекеттік тіл – елге тірек. Орал, 2000; 2) Тіл-халықтың тамыры // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Респ-қ ғылыми-практикалық конф. материалдары. Астана, 2002; 3) Мемлекеттік тілді білмесең // Орал өңірі, 2006, 13 мамыр; 4) Қыпшақтану көкжиектері және мемлекеттік тіл ұстанымдары // Мемлекеттік тіл – білім және саясат. Респ-қ ғылыми-практикалық конф. материалдары. Орал, 2006; 5) Тіл мәдениетін дамытудағы жергілікті БАҚ-ның рөлі // Мемлекеттік тіл саясаты және тіл мәдениетінің өзекті мәселелері. Халық-қ ғылыми-практикалық конф. материалдары, Орал, 2007; 6). *Роль казахского языка**

на стыке мировой цивилизации и национальной культуры Языковые контакты Поволжья. VII Международный симпозиум. г. Казань. 2008; 7) *Языковая политика современного Казахстана* // «Современная филология в международном пространстве языка и культуры». Халық-қ ғылыми-практикалық конф. материалдары. Астрахан, 2011; 8) *Қазақстан тәуелсіздігінің басты тірегі мемлекеттік тіл* // Қазақ мемлекеттілігі: жарқын бетбұрыс, жойқын ұмтылыс (1991-2011 жж.). Халық-қ ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. Орал, 2011; 9) *Атамүрік идеялары және мемлекеттік тіл мәселелесі* // «Орал өңірі» газеті, 2012. 7 мамыр; 10 б.) *Біз өз тағдырымызға немкетті қарай алмаймыз* // «Ана тілі» газеті, 2012, №46, шілде.

М.Б. Сабыр соңғы бір мақаласында былай деп ой толғайды: «Мемлекеттік тілдің тағдыры – біздің тағдырымыз. Біз өз тағдырымызға немкетті қарай алмаймыз. Мемлекеттік тіл біздің елдік намысымыз, елдік санамыздың шыңы. Ғасырлар бойы тағдыр талайына ұшыраған халықтарды құшағына сыйдырған Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. Бұл Қазақстан халқының белгілі бір дәрежеде ортақ тарихы да бар екенін көрсетеді. Ал тарих ортақ, Қазақ жерінің байлығы, мұнайы, газы ортақ болса, онда қазақ тілі де ортақ. Ендеше мемлекеттік тіл тағдырына қазақ ұлты ғана емес, Қазақстанды елім, жұртым деп мекендеп жатқан басқа да этностар мен диаспоралар бірдей жауапты. Яғни қазақ ұлты ұғымы мен Қазақстан азаматы деген түсінікті біріктіруші фактор мемлекеттік тіл. Осы тұста мемлекеттік тіл ғылым тілі, білім тілі, бизнес тілі, экономика тілі, ұлтаралық қатынас және сыртқы қарым-қатынастар

тілі ретінде өркендеуі керек. Ондай қызмет атқаруға қазақ тілінің байлығы да, құдіреті де жетеді».

Білікті басшы және қадірлі ұстаз. 1996-2000 жылдары Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «қазақ тілі» кафедрасын басқарған М.Б. Сабыр ұжымды ғылыми мақсатқа жұмылдыра білді. Ол бүгінгі таңда Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, гуманитарлық академиясының ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры қызметін атқарып, жоғары оқу орнының ғылыми жұмыстарын жүйелеп, *«Батыс Қазақстанның тұрақты дамуын ғылыми қамтамасыз етудің әлеуметтік-гуманитарлық аспектілері»* атты кешенді тақырыпқа жетекшілік жасап отыр. Оның ұйымдастыруымен әр жылдары мемлекеттік тіл және түркітану мәселелеріне арналған халықаралық деңгейде ғылыми конференциялар оздырылды. Атап айтсақ: *«Мемлекеттік тіл: білім және саясат»* (Орал, 2006); *«Ғасырлар тоғысындағы түркі өркениеті: саясат, экономика және мәдениет»* (Орал, 2007), *«Жаңа ғасырдағы түркітану: рухани құндылықтарды сақтау және зерттеу мәселелері»* (Орал, 2009). *«Профессор Н.Ф. Катанов және түркология мәселелері»* (Орал, 2012). т.б.

Профессор М.Б. Сабыр М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде және Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінде көп жылдар бойы ұстаздық етіп келеді. Ғалым «Түркітану», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы» сияқты іргелі курстардан дәріс оқиды. Магистратура бөлімінде «Ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру», «Қыпшақтану» арнаулы курстары оқиды. Жасөспірімдерді

тәрбиелеу ісімен шұғылданып, облыстағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, лицейлер, «Назарбаев зияткерлік мектебімен» тығыз қарым-қатынаста болып, ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап та тұрады. М.Б. Сабырдың «Қазақ тілі» оқу құралы (Алматы, «Сөздік-Словарь», 2002) сұранысқа ие. Жоғары оқу орнына түсуші талапкерлерге арналған, тест үлгісіне негізделген бұл кітап талай жастың студент атануына себепші болды. Кітапта берілген тапсырмалар шәкірттер мен талапкерлердің білімдері мен біліктерін бағалауда рөлі зор.

Сөз түйіні. М.Б. Сабыр республикалық және халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларға жиі қатысып, ғылыми қауымның алдында өз ой-тұжырымдарын ортаға салып тұрады. Бергенінен гөрі берері мол түркітанушы ғалым. «Бақшадай жігіт адам көркейеді, ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді», – деп бұрынғылар айтқандай ғылыммен өскен, ұстаздық пен ғалымдықты үйлестіре білген белсенді жан.

Әжіғалиев Марат Қайыржанұлы

*Педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық
университетінің доценті*

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ САБЫРДЫҢ
ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДБИЕТ**

1. Әбдіуақап Қара. Түрік тіліндегі төрт том (қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы тамаша табысын танытты) // Егемен Қазақстан. – 2011. – 22 қараша.

2. Библиографический указатель научных трудов профессорско-преподавательского состава ЗКГУ им А.С. Пушкина к 65-летию юбилею. – Уралск, 1997.

3. Қазақ тіл білімі бойынша қорғалған диссертация авторефераттарының библиографиялық көрсеткіші: Бірінші бөлім (1950-2000ж.ж.). – Алматы, 2003.

4. Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту теориясы кафедрасы // БҚМУ-Тарих және жаңашылдық. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға 75 жыл. – Орал, 2007. – 108 б.

5. Қазақстан – Алтын Ордадай ұлы мемлекеттің тарихи мекені // Орал өңірі. – 2010. – 8 шілде.

6. Қуатов Б. Тамыры терең тіл тарихына саяхат // Инфомбиржа. – 2010. – 4 қараша. – 31 б.

7. Мамыров А. Ғалым еңбектерінің тұсауы жаңа ғимаратта кесілді // Орал өңірі. – 2014. – 6 мамыр (№49-50). – 16 б.

8. Мамыров А. Жаңа ғимараттағы тұсаукесер // Жайық үні. – 2014. – 6 мамыр (№18 / 1212). – 14 б.

9. Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы // Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. Толықтырылған 2-ші басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010.

10. Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы // Лидер образования Казахстана: Фотокнига. – Алматы: Золотая Книга, 2004.

(Қазақстан білім беру саласыны дамуы мен қалыптасу тарихына арналған түрлі түсті фотокітап. Еліміздің жетекші оқу орындары туралы ақпарат және білім саласының белгілі қайраткерлерінің галериясы берілген).

11. Сабыров М.Б. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар (XIVғасыр): Филология ғылымдарының кандидаты авторефераты. – Алматы, 1995. – 24 б.

12. Сабыров Мұрат Бөкенбайұлы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.

13. Сейтақов Ғ. Ғылыми орталыққа айналған гуманитарлық академия // Орал өңірі. – 2010. – 18 наурыз.

ПРОФЕССОР МҰРАТ БӨГЕНБАЙҰЛЫ САБЫРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

Кітаптар, монографиялар

2002

1. Қазақ тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2002. – 88 б.

2003

2. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы және оның тілі: Монография – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2003. – 166 б.

2004

3. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIVғасыр жазба ескерткіштері негізінде): Монография. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2004. – 316 б.

2007

4. Көне түркі тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 160 б. (Н.Садуақаспен бірлесіп).
5. Қазақ тілі: оқу құралы. – Орал: Ағартушы баспа-лингвистикалық орталығы. – Орал, 2007.

2008

6. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі: оқу құралы. – Орал: Ағартушы мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2008. – 236 б.

7. Орта түркі дәуірі жазба ескерткіштерінің тілі: Арнайы курс бағдарламасы. – Орал: Ағартушы баспа-лингвистикалық орталығы, 2008. – 30 б.

2009

8. Қазақ тілі: электронды оқу құралы. – Орал, 2009. – 700 мв.

2010

9. Таным таразысы: ғылыми-зерттеу. – Орал: Ағартушы, 2010. – 196 б.

2011

10. Әдеби және тілдік байланыстардың өзекті мәселелері: ұжымдық монография. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2011. – 416 б.

2012

11. Түркілік мұра: дәстүр және сабақтастық: ұжымдық монография. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2012. – 114 б.

2013

12. Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Бірінші бөлім: ұжымдық монография. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 236 б.

